Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: банк холдингі немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ екінші деңгейдегі банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан (төртінші тоқсанды қоспағанда) кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, тоқсан сайын

есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей, жыл сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Эмитенттің атауы	Эмитент елінің атауы	Бағалы қағаздың атауы	Бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN коды)
1	2	3	4	5
Банк конгломератының 1-қатысушысының атауы				
1.				
n.				
Банк конгломератының 1-қатысушысы бойынша жиыны				
Банк конгломератының n -қатысушысының атауы				
1.				
n.				
Банк конгломератының n -қатысушысы бойынша жиыны				
Жиыны				

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздар саны (дана)			Бағалы қағаздың номиналды құны (сатып алу құны)	Бағалы қағаз валютасының коды
Барлығы	оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар			
	барлығы	оның ішінде репо нысанасы болып табылатын бағалы қағаздар		
6	7	8	9	10

кестенің жалғасы:

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар				
Баланстық құны (нетто) мың теңгемен				

Сатып алу құны	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Оң (теріс) түзету	Резервтердің (провизиялардың) мөлшері
11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар				
Баланстық құны (нетто) мың теңгемен				
Сатып алу құны	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Оң (теріс) түзету	
16	17	18	19	

кестенің жалғасы:

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар				
Баланстық құны (нетто) мың теңгемен				
Сатып алу құны	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Резервтердің (провизиялардың) мөлшері	Болашақ ақша ағындарының дисконтталған құны
20	21	22	23	24

кестенің жалғасы:

Ауыртпалық салынған бағалы қағаздар бойынша баланстық құны (нетто) мың теңгемен		Сатып алу күні	Өтеу күні	Халықаралық қор биржасының атауы
Барлығы	оның ішінде репо операцияларының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздар			
25	26	27	28	29

кестенің жалғасы:

Қор биржасы тізімінің санаты		Эмитент рейтингі	
сатып алу күніне	есепті күнге	сатып алу күніне	есепті күнге
30	31	32	33

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздар рейтингі		Ескертпе
сатып алу күніне	есепті күнге	
34	35	36

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "_____"

Ескертпе: нысан "Есепті күнгі жағдай бойынша банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады

"Есепті күнгі жағдай бойынша
банк конгломераты
қатысушыларының бағалы
қағаздар портфелінің
құрылымы туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға
арналған нысанына
қосымша

Есепті күнгі жағдай бойынша банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп (индексі - 4-BK_SSP, кезеңділігі - тоқсан сайын, жыл сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Есепті күнгі жағдай бойынша банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 65-2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 42-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін қоспағанда, банк холдингі немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банк толтырады, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда), есепті тоқсанның кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде және жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей ұсынады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысанда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар "Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14790 болып тіркелген) пайдаланылатын мағынасында қолданылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанда осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына, заңды тұлғалардың реттелген борышына салымдар болып табылатын инвестициялар, сондай-ақ банк конгломератының қатысушылары заңды тұлғаларының өз капиталына есепті кезеңде жүзеге асырылған, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған өзге салымдар бойынша мәліметтер жинау жөніндегі кестеде көрсетілген мәліметтерді қоспағанда, банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы мәліметтер қамтылған.

7. 4-бағанда сатып алынған бағалы қағаздың атауы көрсетіледі.

8. 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздың саны көрсетіледі.

9. 9-бағанда облигациялар бойынша облигацияның номиналдық /сатып алу құнының оны шығару кезінде айқындалған, купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін ақшалай көрінісі, сондай-ақ облигацияны өтеу кезінде оның ұстаушысына төленетін сома көрсетіледі. Сомасы шығарылым валютасымен көрсетіледі. Құн көрсеткіші мың теңгемен көрсетіледі (номиналы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздар үшін теңгедегі құнның баламасы "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) 1-тармағында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында көзделген тәртіппен айқындалған транзакция күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеуде көрсетіледі).

10. 10-бағанда валюталардың коды "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" 07 ISO 4217 ҚР ҰС Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Облигациялар бойынша шығарылым валютасы, акциялар бойынша сатып алу валютасы көрсетіледі.

11. 25-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың құны көрсетіледі.

12. 26-бағанда репо шарттарымен ауыртпалық салынған, бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі.

13. 29-бағанда Қазақстан Республикасының бейрезиденттері заңды тұлғалардың акциялары бойынша халықаралық қор биржасының атауы көрсетіледі.

14. 30 және 31-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасы қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде осы бағандарда "листинг жоқ" деп көрсетіледі.

15. 32, 33, 34 және 35-бағандарды толтыру кезінде "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) сәйкес рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі. 2 (екі) және одан да көп халықаралық рейтинг агенттіктерінен (Стандард энд Пурс (Standard & Poor's)) бірнеше рейтингтер немесе халықаралық рейтинг агенттіктерінің ұқсас деңгейі (Мудис Инвесторс Сервис (Moody's Investors Service) және Фитч (Fitch)) болған кезде соңғы рейтинг берген халықаралық рейтингтік агенттіктің рейтингі көрсетіледі. Егер рейтингтер берілген күндер сәйкес келсе, ең төменгі рейтинг көрсетіледі. Бір бағалы қағаз, бір эмитентке рейтингтің бір жаңартылған мәнінен артық емес мәні сәйкес келеді.

Рейтинг болмаған кезде 32, 33, 34 және 35-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі.

16. Егер қаржы ұйымы болып табылатын банк конгломератының қатысушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бұрын мәліметтерді ұсынса, онда Нысанда "Банк конгломератының 1-қатысушысының атауы" немесе "Банк конгломератының n-қатысушысының атауы" деген жол және "Банк конгломератының 1-қатысушысы бойынша жиынтығы" немесе "Банк конгломератының n-қатысушысы бойынша жиынтығы" деген жол бойынша 6, 7, 8, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25 және 26-бағандар толтырылуы тиіс.

N белгісі – банк конгломератының қатысушысы.

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.04.2025 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Банк конгломератының есепті кезең ішінде жасасқан, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы топішілік мәмілелері бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 5-BK_RIGT

Кезеңділігі: тоқсан сайын, жыл сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: банк холдингі немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда);

есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей, жыл сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Банк конгломератының қатысушысы (топішілік мәмілелер бойынша 1-тарап)		Банк конгломератының қатысушысы (топішілік мәмілелер бойынша 2-тарап)		Мәміленің түрі
	Атауы	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда)	Атауы	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	
1	2	3	4	5	6
Активтер					
1					
n					

Баланстан тыс шоттардағы талаптар					
1					
n					
Шығыстар					
1					
n					

кестенің жалғасы:

Мәміле сомасы (мың теңгемен)					
Есепті тоқсан ішінде жүргізілген айналымдар	Есепті тоқсан соңындағы талаптардың қалдығы				
	Негізгі борыш	Есептелген сыйақы	Дисконттар, сыйлықақылар	Оң/ теріс түзетулер	Резервтер (провизиялар)
7	8	9	10	11	12

кестенің жалғасы:

Шарт бойынша сыйақының мөлшерлемесі (жылдық пайыздармен)	Шарт жасалған күн	Шартты қолдану аяқталған күн (ұзартуды ескере отырып)	Ескертпе
13	14	15	16

Туынды қаржы құралдарының жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) бекітілген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелеріне, капиталының мөлшеріне 7-қосымшаға сәйкес Туынды қаржы құралдарына арналған кредит тәуекел коэффициенттерінің кестесіне сәйкес және аталған қаржы құралдарын өтеу мерзімімен анықталатын көрсетілген қаржы құралдарының номиналдық құнының кредиттік тәуекелдің коэффициентіне туындысы ретінде есептелетін жалпы сомасы 20___ жылғы "___" _____ жағдай бойынша _____ мың теңгені құрайды.

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20___ жылғы "___" _____

Ескертпе: нысан "Банк конгломератының есепті кезең ішінде жасасқан, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы топішілік мәмілелері бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады

"Банк конгломератының есепті
кезең ішінде жасасқан, сондай-
ақ есепті күнгі жағдай бойынша
қолданыстағы топішілік
мәмілелері бойынша мәліметтер
жинау жөніндегі есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанға
қосымша

Банк конгломератының есепті кезең ішінде жасасқан, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы топішілік мәмілелері бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есеп (индексі - 5-BK_RIGT, кезеңділігі – тоқсан сайын, жыл сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Банк конгломератының есепті кезең ішінде жасасқан, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы топішілік мәмілелері бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 65-2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 42-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін қоспағанда, банк холдингі немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банк жасайды, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда), есепті тоқсанның кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде және жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей ұсынады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Есепте 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысанда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар "Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14790 болып тіркелген) пайдаланылатын мағынасында қолданылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанда осы қаулының 1-қосымшасымен бекітілген Тізбеге, нысандарға және банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну мерзімдеріне 4 және 5-қосымшаларда көрсетілген мәмілелерді (бұдан әрі – мәміле) қоспағанда, банк конгломератының барлық топішілік мәмілелері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

7. Нысанда мәміле "Активтер" және "Баланстан тыс шоттардағы талаптар" көрсеткіші бойынша бір рет көрсетіледі.

8. Егер мәміледе банк конгломератының бірнеше қатысушысы көзделсе, Нысанда банк конгломератының ақша қозғалысы басталатын қатысушысы (мәміле бойынша 1-тарап) және банк конгломератының түпкілікті қатысушысы (мәміле бойынша 2-тарап) көрсетіледі.

Бұл ретте 16-бағанда банк конгломератының аралық қатысушыларын (болған жағдайда) және олардың мәмілеге қатысу мақсатын көрсету қажет.

9. 6 және 7-бағандарды толтыру үшін операциялар мен көрсеткіштердің мынадай түрлері көрсетіледі:

1) активтер (көрсеткіш):

қарыздар (овердрафт, қаржы лизингін, вексельдерді есепке алу, факторинг, форфейтинг) беру;

реттелген қарыздар беру;

бағалы қағаздармен кері репо операциялары;

ағымдағы шотты ашу (болуы);

корреспонденттік шотты ашу (болуы);

салымды орналастыру;

жылжымалы (жылжымайтын) мүлікті сату;

активтерді (қарыздарды, дебиторлық берешекті) сату (секьюритизация);

талап ету құқығын басқаға беру;

күмәнді активтерді басқаруды жүзеге асыратын ұйымның мүлкі мен активтерін беру;

дивидендтер есептеу;

комиссиялық кіріс есептеу;

дебиторлық берешек;
туынды қаржы құралдары бойынша талаптар;
дилингтік операциялар бойынша талаптар;
сақтандыру активтері;
басқа да активтер (операция түрі 16-бағанда көрсетіледі);

2) баланстан тыс шоттардағы талаптар (көрсеткіш):

кепілдіктер беру;
аккредитив ашу;
кері қайтарылатын кредиттік желіні ашу;
кері қайтарылмайтын кредиттік желіні ашу;
туынды қаржы құралдары;
дилингтік операциялар;

қаржы шығындарын сақтандыру (сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы көрсетіледі). Операцияның осы түріне "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15), 15-1) және 16) тармақшаларында көзделген сақтандыру сыныптары кіреді;

активтерді сақтандырудың өзге түрлері (сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы көрсетіледі);

қызметкерлерді сақтандыру (сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы көрсетіледі);

мүлікті кепілге қабылдау;

баланстан тыс шоттар бойынша басқа да талаптар (операция түрі 16-бағанда көрсетіледі);

3) шығыстар (көрсеткіш):

қызмет үшін комиссиялық сыйақы төлеу;
туынды қаржы құралдары бойынша таза шығыстар;
дилингтік операциялар бойынша шығыстар;
қайта бағалаудан таза шығыстар;
дивидендтер төлеу;
міндеттемелер бойынша сыйақы төлеу;
мүлік үшін жалдау ақысын төлеу;
сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
сақтандыру төлемдері;

айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбын және санкциялардың басқа түрлерін төлеу;

шығыстардың өзге түрлері (операция түрі 16-бағанда көрсетіледі).

10. 7-бағанда есепті тоқсандағы мәміле бойынша айналымдар – жазбалардың қорытындысы (ұлғаю немесе азаю) бастапқы сальдосыз (қалдықсыз) көрсетіледі.

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.04.2025 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Банк конгломераты қатысушыларының үшінші тұлғалар алдындағы, банк конгломераты меншікті капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы міндеттемелері туралы мәліметтер жинау жөніндегі есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 6-BK_RL

Кезеңділігі: тоқсан сайын, жыл сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: банк холдингі немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ екінші деңгейдегі банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда), есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей

жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлғалар үшін), жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлғалар үшін) немесе өзге сәйкестенді	Контрагенттің атауы	Операцияның түрі	Валютаның түрі	Сомасы (мың теңгемен)	Шарт жасалған күн (шарттың талаптарын)	Мерзімін ұзартуды ескере отырып (шартты қолдау аяқталатын күн (талаптарды
---	---	---------------------	------------------	----------------	-----------------------	--	---

	ру нөмірі (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін)					орындау басталған күн)	орындау аяқталатын күн)
1	2	3	4	5	6	7	8
(Банк конгломератының 1-қатысушысының атауы)							
1							
2							
...							
n							
1-қатысушы міндеттемелерінің жиынтығы							
(Банк конгломератының n-қатысушысының атауы)							
1							
2							
...							
n							
n-қатысушы міндеттемелерінің жиынтығы							

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан форма "Банк конгломераты қатысушыларының үшінші тұлғалар алдындағы, банк конгломераты меншікті капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы міндеттемелері туралы мәліметтер жинау жөніндегі есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады

"Банк конгломераты қатысушыларының үшінші тұлғалар алдындағы, банк конгломераты меншікті капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, есепті күнгі жағдай бойынша

Банк конгломераты қатысушыларының үшінші тұлғалар алдындағы, банк конгломераты меншікті капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы міндеттемелері туралы мәліметтер жинау жөніндегі есеп (индексі - 6-ВК_RL, кезеңділігі – тоқсан сайын, жыл сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Банк конгломераты қатысушыларының үшінші тұлғалар алдындағы, банк конгломераты меншікті капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы міндеттемелері туралы мәліметтер жинау жөніндегі есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 65-2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 42-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының бейрезиденттерін қоспағанда, банк холдингі немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банк жасайды, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда), есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде және жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей ұсынады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Есепте 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

5. Нысанда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар "Банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемесін, капиталының мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысында

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14790 болып тіркелген) пайдаланылатын мағынасында қолданылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанда банк конгломераты қатысушыларының есепті күнге банк конгломератының меншікті капиталынан 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын үшінші тұлғалар (тұлғалар тобы) алдындағы міндеттемелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Нысанға банк конгломераты қатысушыларының қаражатын өзі және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарушы ретінде орналастырған "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы алдындағы міндеттемелері енгізілмейді.

7. n символы - банк конгломераты қатысушыларының саны.

8. Банк конгломераты қатысушыларының атауы "1. (Банк конгломератының 1-қатысушысының атауы)", "n. (Банк конгломератының n-қатысушысының атауы)" жолдарында көрсетіледі.

9. Егер қаржы ұйымы болып табылатын банк конгломератының қатысушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне аталған мәліметтерді бұрын берсе, онда Нысанда "Банк конгломератының 1-қатысушысының атауы" немесе "Банк конгломератының n-қатысушысының атауы" жолы және "Банк конгломератының 1-қатысушысы бойынша жиынтығы" немесе "Банк конгломератының n-қатысушысы бойынша жиынтығы" жолы бойынша 6-баған толтырылады.

10. Нысанның 6-бағанында банк конгломераты қатысушыларының есепті күнгі Банк конгломераты меншікті капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын үшінші тұлғалар (тұлғалар тобы) алдындағы міндеттемелерінің баланстық құны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 258 қаулысына
8-қосымша

Банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 65-2) тармақшасына, "

Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 42-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікке Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын банк конгломераты қатысушыларының олардың тұрған еліндегі оның қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген пруденциялық нормативтерінің нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы мәліметтер қоса беріледі.

3. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікке банк холдингінің немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банктің басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды, электрондық форматта сақталады.

4. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дұрыстығын банк холдингінің немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банктің басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

5. Банк конгломераттарының Ұлттық Банкке пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілігі банк холдингі мәртебесін жоғалтқанға не еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банк қызметін тоқтатқанға дейін автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйе арқылы электрондық форматта ұсынылады.

Егер осы қаулының 2-тармағында белгіленген есептілікті ұсыну мерзіміне есеп беруші тұлға банк холдингі мәртебесінен айырылған не еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банктің банк қызметін тоқтатқан жағдайда, банк конгломераттарының мәртебесін жоғалтқан күннің алдындағы соңғы есепті кезең үшін пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілік белгіленген мерзімдерде ұсынылады.